

# АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

*Асанханова Ж.Ж., Иниятова А.Е., Әнуарбек А.Ж.*

## *Резюме*

*В данной статье рассмотрены актуальность, возможности и рекомендации по оказанию социально-педагогической поддержки подросткам из малообеспеченных семей.*

**Ключевые слова:** *«семья», «поддержка», «подросток», «малообеспеченная семья», «материальное положение», «социальный педагог», «социально-педагогическая поддержка», «старшеклассники», «адаптация»*

## *Summary*

*This article discusses the relevance, opportunities and recommendations for providing socio-pedagogical support to adolescents from low-income families.*

**Keywords:** *«family», «support», «teenager», «low-income family», «financial situation», «social teacher», «social and pedagogical support», «high school students», «adaptation»*

## *Түйіндеме*

*Бұл мақалада аз қамтылған отбасындағы жасөспірімдерге әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетудің өзектілігі, мүмкіндіктері мен ұсыныстары қарастырылған.*

**Тірек сөздер:** *«отбасы», «қолдау көрсету», «жасөспірім», «аз қамтылған отбасы», «материалдық жағдай», «әлеуметтік педагог», «әлеуметтік-педагогикалық қолдау», «жоғары сынып оқушылары», «бейімделу»*

Кез келген қоғамда әлеуметтік мәселе болатындығы анық. Ол тұрмыс-тіршілік, өмір сүру салты мен түрлі жас ерекшеліктеріне сай мәселе. Еліміздегі түрлі жас ерекшеліктеріне қарай әлеуметтік мәселенің шешімін таба алмай жатқан тұсы әрине жасөспірімдер мәселесі. Себебі олардың өміріне әсер етуші бірнеше фактор бар. Атап айтқанда: отбасындағы ата-ана арасындағы қарым-қатынастың дұрыс болмауынан балаға әсер ету факторы; жасөспірімнің қоғамда немесе мектепте өзін кем сезінуі; түрлі депрессияға ұшырап, өзін өмір сүру ортасынан бөлектеу; әлеуметтік жағдайдың төмендігінің әсері; Аталған факторлардың бала психологиясына әсер ететіні анық. Осындай жағдайлардан кейін бала үшін білім алу, оқу, өмір сүруге талпыну, қоғам көшімен бірге ілесу сынды шабыттың потенциалы бәсеңдейді. Жасөспірім өзіне керек дүниені басқа жақтан іздеуі мүмкін. Ал бұрылып бара жатқан бағытының дұрыс не бұрыстығын кім айтады?

Осы тұста елімізде 1991 жылдан бастап ресми түрде, құжат негізінде «әлеуметтік педагогика» саласы енгізіліп, әлеуметтік педагог маманы жұмыс жасай бастады. Жалпы әлеуметтік педагог дегеніміз – әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортада балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырушы және олардың қоғамға талпынуына, сол ортаға бейімделуіне септігін тигізуші маман.[1]

Әлеуметтік педагогтың балалармен және жасөспірімдермен жүргізетін жұмысы әр елде әр түрлі кезеңде және түрлі мақсатта жүзеге асырыла бастаған. Осы ретте әлеуметтік педагогтың белгілі бір әлеуметтік мәселесі бар отбасымен және ондағы жасөспіріммен жұмыс жасауы қарастырылады. Соған байланысты әлеуметтік педагогтың мақсаттарының бірі жалпы білім беретін мектептердегі аз қамтылған отбасындағы жасөспірімдерге әлеуметтік - педагогикалық қолдау көрсету болып табылады. Тек қолдау көрсетіп қана қоймай оқушылардың әлеуметтік жағдайын көтеру, әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Сондықтанда әлеуметтік педагог тұрмысы төмен отбасыларға және жасөспірімдерге қолдау көрсету мақсатын айқындап алғаннан кейін алдына бірнеше міндеттерді қоя отырып жұмыс жасайды. Оларға:

1. Жалпы білім беретін мектептердегі жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасыларды анықтап, тізімін жасау, құжаттарды рәсімдеу;

2. Аз қамтылған отбасыдағы жасөспірімдерге әлеуметтік педагогикалық әсер етуші факторларды анықтау;

3. Жалпы білім беретін мектептердегі аз қамтылған жасөспірімдерге әлеуметтік қолдау көрсету ерекшеліктерін анықтап, қазіргі заманға сай жүйелендіру.

Алдымен отбасы, аз қамтылған отбасы, жасөспірім дегеніміз кім және оларға әлеуметтік педагогикалық қолдау көрсету ұғымдарымен танысайық.

Отбасы – бұл әлеуметтік институт және шағын әлеуметтік топтардың сипаттарына ие күрделі әлеуметтік жүйе.

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246 Заңы 1-бабының 5-2)-тармағына сәйкес аз қамтылған адамдар (отбасылар) – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен адамдар (отбасылар) болып табылады және бұл адамдар атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар. [2]

Жасөспірім - балалық шақтың аяқталуы, балалықтан ересектікке көшу. Әдетте 10-11 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды.

Жасөспірімдік жас – бұл дүние танудың, адамгершілік сенімнің, принциптер мен арман-мұраттың, бағалау ұғымы жүйелерінің белсенді қалыптаса бастау жасы. Дәл осы жаста балаларда адамгершілік сана-сезім қалана бастайтындығын әлеуметтік педагогтар мықтап ескеруі тиіс. Жасөспірімдердің жеке басының қалыптасуы адамгершілік ісі мен өнегелілік тәжірибесінің сипатына байланысты. Жасөспірімдер үшін өсіп-жетілудің маңызды кезеңі, оларда өзіндік сана-сезімнің қалыптасуы, өзінің жеке адам ретінде қажеттілігін түсінуде деуге болады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жасөспірімдерде материалдық және рухани қажеттіліктердің өтелуі өзінің ішкі өміріне, өзінің жеке басындағы сапаға деген мүдде пайда болады. Ол өзіне-өзі зер сала отырып, өз «менін» ашады, өз басындағы күшті және әлсіз жақтарды білуге ұмтылады. Мұның өзі жасөспірімнің бүкіл психикалық өміріне, оның танымдық әрекетінің сипатына, оның маңайындағыларымен көзқарасының, адамдармен қарым-қатынасының қалыптасуына ықпал етеді.

Отбасыны экономикалық кеңістік, өзара тәуелді өмір салты, эмоционалдық-адамгершілік байланыс, өзара жәрдем, көмек беру, қорғау ерекшелендіреді. Осылайша, отбасы – кез-келген адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету функциясын орындайтын, жас ұрпақты әлеуметтендіретін институттардың бірі. Қазіргі уақытта көптеген отбасылар қоғам талап ететін функцияларды толық орындау үшін көмек пен қолдауды қажет етеді. Мұндай көмекті толық емес және көпбалалы, жалғыз басты отбасылар, мүмкіндігі шектелген балаларды бағатын, асыранды бала бағатын, мүгедек ата-аналары бар, қашқындар, мигранттар, жұмыссыздар т.б. отбасылар қажет етуде. Сондықтанда жағдайы төмен отбасыға педагогикалық және әлеуметтік педагогикалық көмек көрсету және қолдау аса маңызды.

Оқушыны әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың әлеуметтік-философиялық аспектілері ежелгі философияда (Демокрит, Платон және т.б.), Ренессанс философиясында (Т. Кампанелла, М. Монтане және т.б.), философиялық және педагогикалық антропологияда (Б.М. Бад, В.И. Максакова, А.Н. Орлов, К.Д. Ушинский, В.Н. Филиппов, В.Д. Шадриков және т.б.) қарастырды.

Балаларды қолдаудың психологиялық негіздерін Б.Г. Ананиев, А.Г. Асмолов, Л. С. Выготский, А. Маслоу, С. Роджерс, В.И. Слободчиков, Б. Шапиро және басқалар ашуда.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау педагогикалық ғылым мен практикада педагогтың қолдау қызметінің сатыларының әр түрлі жіктелуін анықтаған. Т.В. Анохина жасөспірімдерді педагогикалық қолдауының кезеңдерін әлеуметтік педагог қызметінде көрсетеді: 1) диагностика; 2) іздеу; 3) шарттық; 4) қызмет; 5) рефлексиялық. В.В. Кулишов оқушыларды өзін-өзі жетілдіру үшін педагогикалық қолдау сатыларын әзірледі: 1) қиындықты белгілеу; 2) оқушылармен бірге қиындықтардың себептерін іздеу; 3) нәтижелерді талқылау; 4) бірлескен қызметтің көрінісі. Жасөспірімдерді педагогикалық қолдаудың сатылары С.В. Бойкова: 1) мақсат; 2) қызмет; 3) рефлексивтік-болжамдық.

Педагогикалық қолдау бағытында (Е. А. Горшкова, Р. В. Овчарова, В. В. Морозова және т. б.) XVIII ғасырдың гуманистік педагогикасынан бастау ала отырып, қазіргі уақытқа дейін (И.

Песталоцци, К. Д. Ушинский, В. П. Кащенко, В. Н. Сорока, Росинский, А. С. Макаренко, Я. Корчак, С. А. Калабалин және т. б.) дамыту және қолдану тәжірибелерімен байланысты. Балалардың физикалық, рухани, интеллектуалдық мүмкіндіктері және өмір сүру жағдайында кездесетін өмірлік мәселелерін шешу үшін әлеуметтік педагогикалық қолдау идеясы өзекті, өйткені әрбір бала педагогтің алдына жаңа кәсіби міндеттер қояды. Сондықтан, жағдайы төмен отбасылардағы балалармен жұмыс істейтін әлеуметтік педагог үшін балалар мен жасөспірімдерді тұлғалық дамыту мақсатында педагогикалық қолдау тәсілдерін еркін меңгеру маңызды. Әлеуметтік педагогикалық қолдау зерттеушілердің көпшілігінде (С. А. Беличева, М. В. Жданова, Н. С. Морозова, Р. В. Овчарова, С. А. Расчетина, А. Б. Чистова, Л. М. Шипицина және т. б.) айқын әлеуметтік-педагогикалық контекстке ие. [3]

Жалпы әлеуметтік педагогикалық қолдау деп отырғанымыз адам құқығының қорғалуын қамтамасыз ететін, соның ішінде ерекше балалардың әлеуметтік мұқтаждығын қанағаттандыратын шаралар жүйесі.

Жалпы, кез келген жасөспірімнің өміріне қажетті, кем дегенде, тамақ, киім-кешек, баспана, медициналық және әлеуметтік педагогикалық көмек көрсетілу — денсаулығын сақтап, оның және отбасының игілігі қамтамасыз етілуі тиіс. Егер отбасының күнелтуге қажетті қаражаты болмаған жағдайда (жұмыссыздық, ауыру, мүгедектік, кәрілік немесе асыраушысынан айырылғанда) мектептегі әлеуметтік педагог оқушылардың мемлекет тарапынан көрсетілетін қорғау мен қолдау мүмкіндіктерін жасауы тиіс.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазір қоғамымыз әлеуметтік-рухани дағдарысты басынан кешіруде. Қазақстан 1989 жылы БҰҰ қабылдаған «Бала құқығы туралы конвенцияны» мақұлдады. Конвенция мазмұны негізгі 4 талап қояды, баланың өмір сүру құқығы, баланы қорғау мен қолдау, дамуына жағдай жасау, қоғамдық өмірге белсене араласу құқығын құрметтеу. Негізгі басымдық баланы қандай да бір себептері болмасын кемсітпеу. Конвенция әлеуметтік қорғалмаған балалар тобына, жетімдерге, мүгедектерге, құқық бұзушыларға ерекше көңіл бөледі.

Ал әлеуметтік-педагогикалық қолдаудағы айырмашылық мынадай:

– әлеуметтік-педагогикалық қолдау баланың білім беру үдерісінде және әлеуметтік ортада өз проблемаларын шешуде профилактикалық көмек көрсетуімен байланысты;

– әлеуметтік-педагогикалық қолдау, гуманистік тұлғаны тәрбиелеудің білім беру модельдеріне сәйкес дамуы, өзара қарым-қатынаста қабылдау, баланың өмір сүру жағдайының мұғаліміне «сіз мүмкін» деген ұялшақ жағдайға көмектесуімен байланысты - өз проблемаларын өз бетімен шешу жолын үйрену үшін;

– әлеуметтік және педагогикалық қолдау адам проблемаларын шешу арқылы ғана емес, социализация процесінде олардың пайда болуына кедергі келтіретін жағдайларда қажет;

– әлеуметтік-педагогикалық қолдау нысаналы болып табылады, өзін-өзі дамытуға кедергі келтіретін тәуекел факторлары ретінде әрекет ететін себептерді болдырмау, жеңілдету немесе жою үшін адам немесе топ болып табылады;

– әлеуметтік және педагогикалық қолдау адамның бейімделу қабілеттерін дамытуға, оның әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуінің жеке өсуіне бағытталған. [4]

Әлеуметтік педагогтың зерттеу шаралары: оқушылар категорияларын анықтау, олардың әрқайсысына әлеуметтік зерттеу жүргізу, мүгедек балалардың денсаулығына сараптама жасау, мектеп қызметін бағалау мақсатында педагогтар арасында сауалнама жүргізу. Түрлі балалар категорияларымен жұмыс: біздің зерттеуіміздің нысаны болып отырған жағдайы төмен жасөспірімдердің отбасыларымен жұмыс: қиын жағдайдағы отбасына диагностикалық, ескерту-профилактикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастырушылық бағыттарда жүйелі көмек көрсету.

Әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың дамыған модельдерінде жасөспірімдер әлеуметтік-педагогикалық әсер ету объектілері деп қарастырады. Мәселен, әлеуметтік-педагогикалық қолдау объектісі: мүгедектігі бар балалар, жетім балалар, балалар құқық бұзушылары, тәуекелге ұшыраған балалар - айқын клиникалық және патологиялық сипаттамалары жоқ даму проблемалары бар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған; және; т.б.

Әлеуметтік педагогтың отбасылармен жұмысының тағы бір нысаны – отбасының әлеуметтік-педагогикалық мониторингі – кезеңдік жиынның ғылыми негізделген жүйесі,

отбасында болып жатқан үдерістер туралы ақпаратты жалпыландыру және талдау, және осының негізінде стратегиялық және тактикалық шешімдер қабылдау. [5]

Әлеуметтік педагог балаларға педагогикалық қолдау көрсету барысында олардың өзіндік көзқарастарын, өмірлік мақсаттарын, адамгершілік қасиеттерін қорғап, оларды сақтап қалуға күш салады. Олар өз қамқорлығындағы оқушылардың рухани ерекшеліктерін, эмоциялық жай күйін бағамдап, отбасы жағдайымен жете таныс болуы тиіс. [6] Сондықтанда әлеуметтік педагог оқушылардың отбасыларымен үнемі байланыста болады. Әлеуметтік педагогтың аз қамтылған отбасымен жұмыс жүргізу мақсатында іс-құжат жұмыстарының бірнешеуіне қысқаша тоқталып өтсем: Оқушының әлеуметтік паспорты, Оқушының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, Оқушының отбасына мінездеме, Әлеуметтік педагогикалық есеп беру журналы.

Енді осы оқушының отбасының материалдық және пәтерлік тұрмыстық жағдайын тексеру туралы АКТ қалай толтырылады. Яғни онда отбасы құрамы, тұрмыстық жағдайы, жалпы айлығы, жеке пәтер, жалға алынғандығы, санитарлық-гигиеналық жағдайы, баланың жеке бөлменің болмауы, бөлмеде бірге тұрады, баланың үйіндегі мінез-құлқы, ата-ананың баламен, туыстарымен қарым-қатынасы, баланың бос уақыты, акт жазу барысында байқалған басқа ерекшеліктер, қорытынды, ұсыныс т.б қарастырылады. Үйіне бару актісі оқушының әлеуметтік паспортында сақталады және де әлеуметтік педагог жұмысының табысты болуы үшін отбасына мінездеме беріледі, әсіресе ол ерекше назар аударуды қажет ететін отбасыға қатысты.

Әлеуметтік педагог отбасыға барып отбасы жағдайын анықтап, отбасыға мінездеме беріп болғаннан кейін есеп беру журналын толтырады. Және оған отбасымен жұмыс кезеңдерін бақылап отыруына кеңес беру журналы көмектеседі. Ата-анаға кеңес берудің толық сипаттамасы оқушының әлеуметтік паспортына ендіріледі, мұнда атқарылған жұмыс туралы белгіленеді. Әлеуметтік қамтамасыз ету журналында қай отбасына және қай негізде әлеуметтік жеңілдіктер (жәрдем ақы, тегін тамақпен қамтамасыз ету) берілгені, оның орындалуы және қамтамасыз етілуі туралы белгіленеді. Мектептегі аталған қызметті атқарушылар оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп, жаңа киімдерге қол жеткізуіне тікелей жауапты.

Әрине, мұндай материалдық көмек көрсету әлеуметтік педагог тарапынан мемлекеттің «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңға сәйкес жүргізіледі.

#### «Әлеуметтік қамтамасыз ету» журналы

Күні	Оқушының аты-жөні	Проблемасы мұқтажы	Сұрақты реттеу(әлеуметтік қызыметтер)	Орындалу барысы, күні
------	-------------------	--------------------	---------------------------------------	-----------------------

Әлеуметтік педагогтың бала проблемаларына көңіл бөлуі, онымен түсіністікке толы ашық қарым-қатынас орната алуы әлеуметтік тәрбиенің жүзеге асырылуына мейлінше әсер етеді. Сондай байланыс нәтижесінде әлеуметтік педагогтың мектептердегі жұмысы өз жүйесін таппақ.

Мектепте тұрмысы төмен отбасыдағы жасөспірімдермен жүргізілетін жауапты әлеуметтік педагог маманның міндеттері мен атқарылатын істерін қысқаша былай жүйелесек болады:

- алдымен оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттеумен айналысады;
- келесі ретте проблемаларды жүйелі түрде шешіп, қиындық тудыратын жайттарды ретке келтіреді;
- баланы әлеуметтік ортаға бейімдеп, оның бойындағы тұлғалық қасиеттерді дамытуға күш салады;
- балаға мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектер, мүліктік және мүліктік емес құқығы бойынша жұмыс жүргізеді;
- баланың бос уақытын, оның мектеппен, қоғаммен, ұжыммен байланысын ұйымдастырады;
- білім беру ұйымдарынан білім бағдарламаларын құрастыруға, бекітуге, жүзеге асыруға қатысады.

Материалдық жағдай - адамның өзі өмір сүріп жатқан қоғамдағы статусын анықтайтын бірден бір себеп. Балалардың тиісті дәрежеде киіммен, азықпен, оқуға қажетті құралдарымен қамтамасыз етілуі – оның алдағы өміріне, психологиялық жай-күйіне әсер етері сөзсіз. Сол

себепті, жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларының балаларына әлеуметтік педагогтар әлеуметтік-тұрмыстық, материалдық көмектің көрсетілуін қадағалайды.

Аз қамтылған отбасыдағы жасөспірімді жеке әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың негізгі нәтижелері ретінде біз:

- отбасымен сенімді қарым-қатынас орнату;
- жасөспірім мен ата-аналарды әлеуметтік мұғаліммен қарым-қатынаста қанағаттандыру;
- жасөспірімдердің жаңа әлеуметтік рөлдерін дамыту;
- әлеуметтік бастамалар, ұжымдық шығармашылық істерге белсенді қатысу;
- болашақ мамандықты таңдау мен кәсіби дайындыққа деген саналы көзқарас т.б. [7]

Балалар, жасөспірімдер, олардың тәрбиешілері өмірінің қиын кезеңінде әлеуметтік педагогтан көмек сұрайды. Өмірден түңілген, үмітін жоғалтқан, қиындықты басынан кешірген және проблеманы өздігінен шеше алмаған олар түсіністікті, тілектестікті, адамгершілік қолдауды және нақты көмекті күтеді. Оларға сөзбен және іспен көмектесу, олардың өзіне сенуіне, өзінің құндылықтарын қайта қарауына және кемелденуіне ықпал ету-әлеуметтік педагогтың басты міндеті. Балалар мен жасөспірімдердің жанын түсіну және аялау –әлеуметтік педагогтың негізгі миссиясы.

Қоғамдағы отбасылар әртүрлі әлеуметтік жағдаймен ерекшеленетін болса, солардың ішінде тұрмыс жағдайы төмен отбасылар, сол жанұяда тәрбиеленетін балалар әлеуметтік педагогтардың басты назарында. Себебі, тұрмыс тапшылығын, отбасындағы келеңсіз жайттарды көріп өскен, ата-ана назарының кемшілігін сезінген балаға жанұя жылулығының біршама аздық етері сөзсіз. Ал ондай кері әсер етуші факторларға ұшыраған болашақ азамат немесе азаматшаның өзі өмір сүріп жатқан қоғамға да жағымсыз әсер етуі әбден мүмкін. Сондай қайғылы жағдайлардың алдын алуда, жағдайы төмен жасөспірімдердің өмірін дұрыс арнаға бұруда әлеуметтік педагогтың еңбегі аса маңызды. Сондықтанда жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларға, балаларға, жасөспірімдерге «Мектепке жол-2020» сынды акцияларын ұйымдастырып, аз қамтылған оқушыларға демалу, сауықтыру орталықтарын көптеп ашуды ұсынар едім.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның білім және ғылым әлемі. Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал №3.2006ж.
2. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
3. Газман О С. Педагогика свободы путь в гуманистическую цивилизацию. -2000 -№ 3 - С 6-33
4. Социология педагогика журнал №1.2.3 М 2007ж
5. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 165 б.
6. Мардахаев Л.В. «Методика и технология работы социального педагога»
7. Дуйсенбекова Ш. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Семей: Семей мемлекеттік педагогикалық институт, 2010. – 81 б.